

«Мұнай және мұнай қалдықтарын, мұнай шламдарын қайта өңдеу жөніндегі мұнай-химия кешені» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы өткізілген қоғамдық тыңдау
ХАТТАМАСЫ

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:

Атырау облысы, Исатай ауданы. «Исатай ауданының Қамысқала ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.

2. Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы: Атырау облысы, Махамбет ауданы «Мұнай және мұнай қалдықтарын, мұнай шламдарын қайта өңдеу жөніндегі мұнай-химия кешені» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп.

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы.

«Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

«Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық - талдау орталығы» ШЖҚ РМК.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бақсай ауылдық округі, Таңдай ауылы.

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Исатай ауданы, Хамит Ерғалиев ауылы

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

«Eco Vision» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы №212 а к. 3 үй. БСН:240840009136. Тел: +7 705 345 23 60

Эл.пошта: ecosistem_e@mail.ru

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

«E.A. Group Kazakhstan» ЖШС, БСН:190540023876. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, О. Көшевой көшесі №113, ҚҚ. 50. Телефон: +7 705 478 0043.

Эл.пошта: e.a.group@bk.ru

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

Басталды: 2026 жылғы 23 қаңтар сағат 11.00-де, Атырау облысы, Исатай ауданы, Қамысқала ауылдық округі, Хамит Ерғалиев ауылы, Ахмет Жұбанов көшесі, №16 үй, «Исатай ауданының Қамысқала ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимараты, мәжіліс залы.

Тіркеудің басталуы: 2026 жылғы 23 қаңтарда, сағат 10:00.

Қоғамдық тыңдаудың аяқталуы: 2026 жылғы 23 қаңтарда сағат 12:07-де.

Сондай-ақ, қызығушылық танытқан қоғамдық өкілдер Zoom платформасы арқылы бейнеконференцияға онлайн қосыла алды. Қосылу сілтемесі:

<https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04RlBkCFRiSlhWSE5UQ2xDOFZUUT09>

Конференция идентификаторы: 931 840 1523

Күпия код: 7wtUKe

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 1-қосымша

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 2-қосымша

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда: : www.ndbecology.gov.kz, «қоғамдық тыңдаулар» бөлімі №25440523001, Күні: 05/12/2025 тіркеу;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында: «Нарын таны» газетінің 2025 жылғы 19 желтоқсандағы басылым. 3-қосымша.

«Қарагулова А.А. «ЖК» Радио NS» радиостанциясы хабарландыруды орналастыру туралы 2025 жылғы 19 желтоқсандағы эфирлік анықтама. 4-қосымша.

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда: Атырау облысы, Исатай ауданы, Қамысқала ауылдық округі, Хамит Ерғалиев ауылы, Ахмет Жұбанов көшесі, 16 үй, «Исатай ауданының Қамысқала ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимараты бойынша 1 дана хабарландыру ілінді. 5-қосымша.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Исатай ауданы әкімінің орынбасары - Утегенов Нұрберген Мұратұлы

Хатшыны таңдау туралы:

Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы болып: Дүйсенғалиева Айдана Сабитқызы – Қамысқала ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы тағайындалады.

Қоғамдық тыңдауға қатысушылар саны – 55 адам, «қарсы емес-55» «қарсы-0», «қалыс қалды-0».

Регламентті бекіту туралы.

Жоба материалдарын баяндама нысанында қарау. Баяндамашыға - 10 минут. Ұсыныс-пікір білдірушілерге, сұрақ қоюшыларға 5-минут, қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу-5 минут.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылар саны – 55 адам, «қарсы емес-55» «қарсы-0», «қалыс қалды-0».

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Ембергенов Ануар - «E.A. Group Kazakhstan» ЖШС-нің экологы, «Атырау облысы, Махамбет ауданы «Мұнай және мұнай қалдықтарын, мұнай шламдарын қайта өңдеу жөніндегі мұнай-химия кешені» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша баяндама мен презентациялар ұсынды. Презентация слайдтарының саны 17 бет. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіндері осы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына 6-қосымша қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келін түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

Р/с №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынған тастаумен/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1.	<p>Қайреденов Нұрлан Саматұлы (Атырау облысы маслихатының Исатай ауданынан сайланған маслихат депутаты):</p> <p>Енді өзімізге берілген 15 мың сайлаушының аманаты болғаннан кейін, мына ауылымызда, елімізде болып жатқан қоғамдық шараға қатысуға міндетті болдық. Сондықтан жалпы облысымыздың, ауданымыздың бүгінгі экологиялық ахуалы туралы бір ауыз әңгіме айтып алайық. Өздеріңізге белгілі Атырау облысы өндірісі ірі шоғырланған Қазақстанның донор облысы болып саналады. Күні бүгін Атырау қаласында, Жылыой және Мақат ауданында, Исатай ауданында көптеген экологиялық ахуалдар қалыптасып отырғаны рас, жасырын емес. Соңғы медициналық талдау зерттеулердің нәтижесінде тұрғындардың арасында рак ауруының көрсеткіштерінің өсуі, ақыл-есі кем балалардың туылуының көбеюі, тыныс өкпе ауруларының көбеюі. Мүгедектігі бар балалардың дүниеге келуінің өсіп отқаны ақиқат. Аудан және облыс бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарымыз бар және осы мәселені айтып, Атырау облысының кейбір аймақтарын экологиялық апатты аймақтар тізбесіне енгізу туралы мәселе көтеріп, қазір оны ғылыми негізде бірінші көптеген этаптар бар соны бастадық. Енді ауданымызды айтатын болсақ, біздің ауданның территориясында, экологиялық мәселе ушығып тұр, себебі біздің айналамыздың барлығы өндіріс. Бірнеше Ембімұнайгаздың нысандарынан бөлек, бірнеше жекеменшік компаниялар орналасқан. Оны атап айтатын болсақ, «ПотенциалОйл», «СазанКұрақ» басқа да көптеген мұнай өндіруші компаниялар бар. Міне, енді содан кейін осы ашық мұнай көздерін өңдеу оны сақтау мәселесі бойынша 2016 жылғы «Каспиан Экологиясы» ЖШС-гі</p>	<p>Утегенов Нұрберген Мұратұлы (аудан әкімінің орынбасары, қоғамдық тыңдау төрағасы):</p> <p>Рақмет Нұрлан Саматұлы! Жалпы Нұрлан Саматұлының айтуы дұрыс, осы қоғамдық кеңестің бірлесе отырып, жалпы кез келген жоба келгенде өзінің алдағы жоспарын айтады, көгалдандыру бойынша өзінің ұсынысын айтады, жұмыспен қамту бойынша айтады, бірақ осы көріп отырған факт бар Аққыстау ауылынан шлам қалдықтарын жинақтайтын орын тек мешокпен жинағаннан бөлек, ашық алаңда шашылып жатыр. Кәдімгідей төгілген күйінде, сондай деңгейге жетіп қалуы мүмкін деген тәуекел бар. Жергілікті атқарушы орган ретінде жерді алып пайдаланған мекемемен соттасу үстіндеміз. Нұрлан Саматұлы айтқандай ол мекеме өзін банкрот деп жариялап, жауапкершіліктен</p>	

осы кісілердің сұрап отырған жер аумағының тұсында ашық мұнай көздерін сақтау, жинау шламнаконтитель орны белгіленген ол бар, жұмыс жасап тұр. Екінші химиялық қалдықтарды сақтау алаңы ауданның территориясынан «ДАЛА-ЖОС» деген компания алған кезінде, Қарабатандағы химиялық улы заттарды, қатты қалдықтарды әкеліп жинады. Біздер экология департаменті мен прокуратураға арызданған кезде ол компания банкрот болып кетіп, оған жауап беретін адам жоқ, сот орындаушыға жолдаған, қазір ол химиялық заттар қашықпен қапталып біздің іргемізде тұр. Бүгінгі көзі ашық мәселе. Енді менде мынадай мәселе бар, біз жалпы бұл территория жөнінде айтатын болсақ. Махамбет ауданы мен Исатай ауданы әуелден егіз көрші елміз. Соның ішінде кезінде территориялық бөліністер болған кезде, ертеректе бұл біздің ата-бабамыздың жасаған қателігі. Біздің Х.Ергалиев ауылының Атырау-Астрахань тасжолының оң жаң беті түгел Тандай селолық округінің жер иелігінде. Бірақ жер иелігі олардікі болғанымен, 17-ші разьезд деп атаймыз, Томан елді мекенінің әкімшілік аумақтық аймағы, оның халқы, бүкіл әлеуметтік жағдайы, оның құрылысы біздің мойнымызда. Сондықтан осы мәселені кейбір жерлерді Исатай ауданының территориясына қайтару деген мәселені біздер көтеріп,облыс әкімінің кеңесінің алдында барған кезде осындай қоғамдық тыңдау өту керек деп, Тандайдан қоғамдық тыңдау өтіп, Тандайдың халқы қарсы болғаннан кейін, біздер қатар отырған елміз, ушығып кетпесін деп бұл мәселені кейінге ығыстырғанбыз. Енді бұл территория Махамбет ауданында орналасқан болғанымен, бұрыннан тұрған ауыл территория, екіншіден бұл жерде өмір сүріп жатырған, Исатай ауданының Х.Ергалиев, Томан елді мекенінің малы да, жаны да, адамы да осы жерде және дәл сол жерде, бұл кісілер сұрап отырған жерде мұнай сақтау қоймасын бұрыннан қалыптасқан аймағы бар. Сондықтан неге біздер қоқыс алаңына айналуға тиіспіз? Деген сұрақ біріншіден. Екіншіден, қоғамдық тыңдаудың заңдылығына сәйкес, экологиядан оң нәтиже алу үшін, ең жақын орналасқан елді мекендегі халықтың пікірін білуі керек. Егер біздер осы хаттамаға түгел осы жерде тіркеліп, өзіміздің заңға сәйкес жеке куәлігіміздің немірін көрсетіп, өзіміздің қарсы пікірімізді білдіретін болсақ, экологияға бұл кісілер барған кезде халықтың пікірі ескеріліп оң нәтиже берілмейді. Біз ешқашан қоғамның дамуына, өндірістің, технологияның дамуына, жұмыс орындарының ашылуына қарсы адамдар емеспіз. Бірақ бізге

кетуде. Бұл жерде елдің жобаларыңызда нақты жергілікті жерде қанша адамды жұмыспен қамтиды, көгалдандыру бойынша нақты алдағы 3 жылда жоспарларыңыз қандай екені бойынша ештеңе көріп отырған жоқпыз. Дегенмен одан бөлек ауыл тұрғындарының пікірі бойынша тындап өтейік, тағы да ұсыныстар болса...

Конституциямызда да, жалпы тіршілігімізде басты құндылығымыз – адам өмірі, болашақ ұрпақтың өмірі дегенді ұмытпауымыз керек. Біздер бірінші экономика сосын саясат деп таяқ жеген мемлекетіміз. Қазір мысалыға, жігіттердің жасаған құжаттарын қарап отырып, жалпы жобада көрсетілген барлық іс-шаралар сақталған кезде, қоршаған ортаға әсері шамалы деп бағаланады. Шамалы деген қандай мәселе? Бұл шамалы, жақсы дегенде де математикалық нақтылық болуы керек. 17 түрлі улы нәрсе бөлінеді дейді. Оның көлемі 278 тонна улы қалдық. Оның қандай әсері бар? Бұның аудан үшін, біздің ауыл үшін экономикалық жағынан қандай тиімділігі бар? Бұл компания біздің ауданымызға тіркелген салық төлеуші ме? немесе 30-50 жұмыс орнын ашушы компания ма? Компаниялардың 2016 жылы басшылықтың немесе қоғамның сауатсыздығын пайдаланып ашып кеткен дүниесінің артын біз көме алмай жүрміз. Осыдан 2 жыл бұрын қоғам белсенділері біледі, бір адамдар келіп Аққыстаудан жерді алып, қоршап мұнайды қайта өңдейміз дегенде барлығымыз қарсы болып қаулысының күшін жойғызғанбыз. Сондықтан өзімің жеке пікірім, жалпы Экология туралы Кодекстің 87 бабының 2 тармақшасына былай делінген: кез келген қоғамдық тыңдауда экономикалық сатысына өту кезеңінде қандай технологиялар пайдаланады, қандай озық технологиялар пайдаланатыны туралы анық көрсетуі керек еді. Мына презентацияда жалпы түсінікті алып отырмыз, бірақ техникалық жағынан ешқандай мәлімет жоқ. Екіншіден, аталған алаңның бізге экономикалық жағынан, денсаулық жағынан және осы жердің уын, ауасын жұтып, малымызды бала-шағамызды өсіретін біз болғандықтан, бізге тиімділігі жоқ болғаннан кейін, қоғамға ешқандай қажеттілігі жоқ деп санаймыз. Ал Махамбет ауданы өзінің салық төлеушілерін кеңейткісі келеме, өздері жаңа өндіріс орнын ашқысы келеме, өзінің территориясынан жер беріп ашсын қарсылығымыз жоқ. Неге өзіміз өндіріс ошағы бола тұра, бір тал шығара алмай отырып, күннен күнге былыққа батуымыз керек? Өзіміздің жағдайымызды өзіміз көріп отырмыз. Тағы да, қоғамдық тыңдаудың облыс көлемінде көптеген мекемелерге, алпауыт мекемелер, Атырау мұнай өндеу зауыты, NCOC, Тенгизшевройлдың қоғамдық тыңдауында болдық. Көптеген заңгерлермен жұмыс жасадық. Қоғамдық тыңдаудың хаттамасы дұрыс толтырылуы керек. Бұл төраға мен хаттама толтырушы адамның 2 күннің ішінде хаттаманы беруі керек.

Сондықтан олар кез келген адамның айтқан ескертпесін, сын-пікірін түгел толықтай жазуы керек. Мына жерде экология департаменті, Табиғат ресурсын пайдалану департаменті сіздер онлайн байланыста отыраңыздар, ертеңгі күні бұл жобаға оң нәтиже берсеңіздер, біздер Сіздермен басқа құқықтық деңгейде жүргізетін боламыз. Біздің басты мақсатымыз елдің арасында әлеуметтік наразылық туғызу емес, елдің бүтінгі көңіл күйін айту. Өз басым шламнакопительдің бұл жерде орналасуына қарсымын және хаттамаға, осыны аукционға 2025 жылы шығарған Махамбет ауданының әкімдігінің жұмысының заңдылығы жөнінде Атырау облыстық прокуратурасына материал жолдауды енгізуді сұраймын. Бұл әрекеті заңды ма, заңсыз ба? неге? Олар аукционға салар кезде біздің бір ауыз сөзімізді тыңдаған жоқ. Себебі орналасқан біз ғой. Мүмкін олардікі заңды шығар. Тағы бір айта кететін нәрсе, біздер инвесторлар тартуға қазір мүдделіміз. Себебі бізге жаңа жұмыс орындар береді, жаңа салық телеушілер келеді, халықтың әл-ауқатын көтеруіміз керек. Бірақ біздер мынадай экологиялық зиян әкелетін өндіріс орындары емес, біздерге жаңа жұмыс орындарын ашатын мысалыға біздерге қазір, Ресейден компания, осы ауылдан жерін беріп қойдық, азот өндіреміз деп отыр. Ол азот өндірілетін болса, бірнеше жұмыс орындарын ашамыз. Ауаға мынадай улы заттар бөлінетін болса, азотты қалай өндіреміз? Менің жеке пікірім және осы ауылдың, ауданнан хабарласқан тұрғындардың пікірі деп қабыл аларсыздар, менің жеке пікірімді хаттамаға енгізуді сұраймын, жалпы экологиялық және экономикалық жағынан да біздің ауылымызға ешқандай тиімділігі жоқ. Бұл жобаның іске асырылуына қарсымын. Қоғам өздерінің пікірін білдіре жатар. Тыңдағандарыңызға рақмет!

2.

Мухамбеталиев Нұрлан Есенұлы (ауыл тұрғыны):

Жаңа Нұрлан Саматұлы пікірін айтты ғой, менде сол пікірге қосыламын. Менің бір сұрағым, жоба ұйымдастырушылар неге сол жерге тоқталды? Неге сол жер таңдалды? Картадан қарасаңыздар, ауылдың оңтүстік-шығыс жағымызда. Біздің климатымыз бойынша 365 күннің 200 дей күннің үстінде жел ауылға сол бағыттан болады және бізге тікелей келеді. Сондықтан жердің мәселесін тағы да қарастыру керек сияқты. Махамбет ауданы жерді бергенімен, біз келісе алмаймыз заңдылыққа сәйкес болатын болса. Ауылымызда салынғалы жатқан азот пен кислород шығаратын

Утегенов Нұрберген Мұратұлы (аудан әкімінің орынбасары, қоғамдық тыңдау төрағасы):

Түсінікті, ұсынысыңыз қабылданады. Тағы да қосымша айтатын сұрақтарыңыз болса.

Ұсыныс-пікір ескерілді.

	<p>зауытта келіспей бас тартуы мүмкін, ауда-райына әсер ететін болғандықтан, Менің пікірім осы. Бұл жобаны қолдағымыз келмей отыр.</p> <p>Нұрманов Саадат (ауыл тұрғыны, ауыл жастарының атынан өкілі ретінде):</p> <p>Бір ауыз сөз айтып жіберейін, осы ауылдың тұрғынымын, осы жерде жиналысқа қатысып отырған жастардың атынан. Өзім өндірісте жұмыс жасадым. Білеміз, процесстер жүзеге асады, Ануардың өзі айтқандай, үлкен химиялық процесс шыны керек, әсіресе мұнайдың жеңіл өнімдерін химиялық, физикалық жолмен процесстер арқылы шығарады жасыратыны жоқ. Ол табиғатқа орасан зиян. Мысалы айта кетейін, 2020 жылы статистика бойынша Маңғыстау облысында 5500 бала ДЦП ауруымен тіркелген. Қазірге 6 жылдың ішінде ол цифр өспесе, кемімегеніне мен кепілдік беремін. Енді осының 4500 бала, мұнайлы ауданына тиесілі, өздеріңізге белгілі Мұнайлы ауданы осындай мұнай қалдықтары көмілген шұңқырлардың үстіне салынған ауыл. Иістің келу процессы бір бөлек, адамның улануы, ағзаға әсер етуі, балаларымыздың кеміс болып туылуы болашақ апат. Сондықтан ауылдың тұрғыны ретінде, жобаны кім жасағанын білмеймін, басшысы қытайлық азамат болып тұрғо, жаны ашымағасын, басы ауырмайды дейді, жергілікті тұрғындардың пікірін көршілес Махамбет ауданы ескермей тұрғанда, ол кісі ескереді деп мүлде айта алмаймын. Химиялық процесстерде шламдарды қатты күйінде бөлеміз дегендері де басында болатын көзбояушылық болып көрсетіледі де, артынан шлам қалпында көмілетініне кепілдік беремін. Ауылдың атынан, жастардың атынан түгел қарсымыз. Бұны талқылаудың өзі артық деп ойлаймын.</p>	Ұсыныс-пікір ескерілді.
3.	<p>Қайреденов Нұрлан Саматұлы (Атырау облысы маслихатының Исатай ауданынан сайланған маслихат депутаты):</p> <p>Кешіріңіздер, тағы бір айта кететін нәрсе, жақында Жылыой ауданында осындай шламнакопитель кезінде салынған. Оны жасаған адамдар кетіп қалған. Банкрот болған, жауап беретін тұлғалар жоқ. Сондықтан мемлекет халықтың нарашылығына байланысты, бұны жою үшін бюджеттен 300 миллионға жуық ақша бөлен. Оған бір компания келді. Олар топырақпен былтықтырғаннан кейін, халық қайтадан көтерілді. Әлеуметтік наразылықтар туды, блогерлер, көптеген журналистер сол жерге барды. Мемлекеттен қаржы төлеп, сол жерді көмдіре алмай жатыр. Сондықтан бұл</p>	Ұсыныс-пікір ескерілді.
4.		Ұсыныс-пікір ескерілді.

	<p>процесстің аяғында, оны кейіннен жою деген мәселе бар, қалына келтіру бірнеше жылдарға созылатын зардап әкеледі. Егер бұл қатты қалдықтарды төгу керек, оны төгетін орнымыз болмай тұр десе, қазіргі жұмыс жасап тұрған дейтсүующй тұр ғой, төксін сол жерден өндесін. Сол жерге әкселіп қойсын зауытты. Біз ештеңе көріп отырған жоқпыз ол жерде. Адамдар ашықтан ашық төгіп отыр. Айналасын цементпен қаптап, топыраққа жібермес үшін деп. 6 айда бір рет келіп әкімдерге айтып кетеді, жасап жатырмыз деп. Әйтпесе ол жер ашық тұрған жер, айналасында жүру мүмкін емес.</p>		
5.	<p>Қабделов Самат (Аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі): Аққыстау ауылының тұрғынымын, Ануарға сұрақ! Шламды қай жақтан әкселесіздер? Шикізаттарыңыз қайдан келеді?</p>	<p>Ембергенов Ануар «E.A. Group Kazakhstan» ЖШС-нің экологы: Жоба негізінде, көрсетіліп тұр, бірақ алдағы уақытта шламды өздеріңіз білетіндей кен орындарынан, келісім шарттар бойынша қалдықтарын өңдеуге. Мақсат ол қалдықты әкеліп, картаға салу емес, бірінші 3 сатыдан өткізіп зиянсыздандыру, яғни мұнайын шығарып алу, суын шығару және қатты қалдықтарды шығару. Қалдықты өңдеу қондырғысы.</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді.</p>
6.	<p>Қабделов Самат (Аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі): Нысандар барлығы қай уақытта салынатын болып тұр?</p>	<p>Ембергенов Ануар «E.A. Group Kazakhstan» ЖШС-нің экологы: Жалпы жоба екінші тоқсанға жоспарланған, тақырыбына қарасаңыз бұл алдын-ала ықтимал. Бұны біз қазір жоба ретінде қарастырып отырмыз. Басында айтқандай біз бұл жерге максималды түрде 248 тонна деп болжам ретінде салып отырмыз. Қуаты 100 мың тонна қалыпты қабылдау. Жердің мәселесі</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді.</p>

7.	<p>Кабделов Самат (Аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі): Мен сұрағымды аяқтап тастайын, айып етпеңіздер. Шламдар облыс бойынша келеді, солайма? Экономика жағынан ойлап қарасақ, сіздер мекеменің мүддесін қорғап отырсыздар, бұл жердегі басты мәселе, объектінің орналасқан жері, халықтың әлеуметтік жағдайы ешқандайда ескерілмегені байқалып отыр. Таңдалып отырған жер, біздің елді мекенге өте жақын орналасқан. Екінші мәселе, ауылдың малы бар, өрісі бар дегендей барлығы сол жайылым жерлері. Жер мәселесін әліде қарау керек сияқты. Бұл жер сіздерге өте қолайсыздау. Себебі халықтың жағдайлары ескерілуі керек. Жерді аукционға шығарушы кім?</p>	<p>бойынша Махамбет ауданы берді дегенде, бұл жер аукционға шыққан болатын. Жердің кезіндегі мақсаты сол қалдықтарды орналастыру және оңдеу.</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді.</p>
8.	<p>Қайреденов Нұрлан Саматұлы (Атырау облысы маслихатының Исатай ауданынан сайланған маслихат депутаты): Басымызды ашып алайық, аукционға бізде шығарып отырмыз ғой, жергілікті атқарушы билік аукционға кез келген нәрсені шығармайды. Бірінші бір адам келіп сұрайды. Осы жерден полигон салайын деп едім дейді. Соны негізге алып, жергілікті атқарушы билік шығарады аукционға. Жергілікті билік оны аукционға шығарды, біз оны аукционнан ойламаған жерден, аяқ асты көріп қалдық, жобамызды іске асыру үшін алдық деген әңгімелерді біз талай естігенбіз. Бір бірімізді алдамайық. Бұл коммерциялық жағынан бір компанияның мүддесі, егер кез келген мұнай өндіретін алпауыт немесе кішкентай компаниялар болсын, экологиялық кодексі бойынша оларға қойылатын талаптар бар. Олар шыққан мұнайды, арнайы өзінің рұқсатнамасы бар өңдейтін жинақтаушы алаңы бар компанияларға беріп жіберуі тиіс. Сіздер болашақта бұл жерден мұнай және мұнай қалдықтарын өңдейтін зауыт ашасыздар, кейіннен үлкен компаниялардың шығаратын мұнай қалдықтарын өңдеуге деп тендерлерге қатысасыздар, оны ұтып аласыздар. Арғы жақ шеті Бейнеулен, бергі жақ шеті мына жақтан бүкіл шламды әкеліп біздің жерге өндейсіздер. Біздер неге қоқысқа айналудымыз керек? Экономикалық, экологиялық, әлеуметтік жағдайымызға тиімсіз</p>	<p>Тәжиденова Рафигат Әнуарбекқызы (оқруг әкімі): Махамбет ауданы</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді.</p>

<p>жобана өзіміздің жан айкалымызды білдіргіміз келеді. Сондықтан біз қарсылығымызды білдіріп жатырмыз. Онлайнда отырған Экология департаменті, Табиғи ресурстар департаменті сіздер әңгімеге араласып отырыңыздар. Біздер мына хаттамаға тұрғындардың барлығының қарсылығын білдіріп сіздерге береміз. Егер тұрғындардың қарсылығын ескермей, оң негіже беретін болсаңыздар, онда құқықтық алаңда біз сіздермен қайтадан жолығатын боламыз.</p>	<p>Нурманова Куляш (қоғамдастық кеңес мүшесі): Ауыл тұрғынымын. Осы жерде 46 жылдан бері дәрігер болып қызмет жасаймын. Жаңа айтылып отырған мәселе өте дұрыс, Нұрлан Саматұлының пікірне толықтай қосыламын. Себебі бұл жерде, халықтың жағдайы, денсаулығын қорғау ешқандайда қаралмаған. Бізде қазір шындығына келгенде, мұнай қалдықтарының жан-жағымыздан қоршап, қоқыста қалуымыз, адамдардың денсаулығын жоюда. Күні бүгін 2 адам рактан көз жұмып отыр. Әлі 3 науқасым бар осындай жаман аурумен. 2 адам бүйректен айырылып, сол адамдарға бүйрек іздеп отырмыз. Ертенгі күні халқымыздың жағдайы күрт нашарлап, мұнай қалдықтарынан уланбауына кім кепіл? 16 шақырым деген арғы беттен келгенде 7 шақырым жүріп келеміз, қайта барғанда 7 шақырым жүріп барамыз. Сонда бізге 14-15 шақырым деген дым емес. Мал іздеп барамыз, кез келген уақытта балаларымыз барады. Біздің ауылымызға төніп тұрған қатер деп есептеймін. Халық соны қолдайды.</p>	<p>Мурзин Максот (ауыл тұрғыны): Экология жайлы алдыңғы адамдардың айтқанына қосыламын. Мен өзім 42 жыл мұнай саласында қызмет еттім. Қазір зейнетке қалдым. Шлам дегенді көзімізбен көрдік. Мұнайдың ақпасы жақсы болғанымен оның зияны көп. Мұнайшыларды қарасаң көпшілігі жүректен кетуде. Ауыл халқы түгел қарсы деп ойлаймын. Басқа да жерлер Қазақстанда көп емеспе? Неге ауылдың үстіне әкеліп көму керек мұнай қалдықтарын? Сіздер мүмкін жол тиімділігін ойлап тұрған боларсыздар? Одан бөлінетін қалдықтың өзі көп. Соның өзі ауаны ластайды. Керек емес деп ойлаймын менің өз пікірім.</p>	<p>Кабделов Самат (Ауландық қоғамдық кеңестің мүшесі): Бұл мекеме тек өзінің экономикалық жағдайын ойлап отыр. Темір жол, автожол жақын. Барлығын есепке алып отыр. Халықтың мүддесін ешкім ойлап отырған жоқ.</p>
	<p>Утегенов Нұрберген Мұратұлы (аудан әкімінің орынбасары, қоғамдық тыңдау төрағасы): Тағы қосымша сұрақтарыңыз болса...</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді.</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді.</p>

<p>12. Мүтнер Бигалин (ауыл тұрғыны): Жоғарыда айтылғандай, біздің жақтағы бұрын орналасқан шламға жақын менің шаруашылығым бар. Сол жерде ең көп болатын мен. Шламның қасында эксковатр тұр, ол жұмыс жасайды ма жоқпа білмеймін. Бұрынғы дейтүующй шламды айтып отырмын. Көлемі өте үлкен емес, ашық жатқан шамасы 1 га объектісі бар. Әр жерде қалдықтары жатыр. Және әр жақтан адамдар әкеліп тастаған иттер бар. Менің малым сол жерде жайылады. Иттер көбейіп кетті, атқызып тастайық деп ұсыныс айтқанымда, саспаңыз бұл иттер 1-2 ай ішінде өздігімен өліп қалады деді. Үш көпірде менің шаруашылығым бар, жазда терезе ашу мүмкін емес. Қыста көп білінбейді. Жазда тіпті кондиционер қосқанда да әсері бар. Малға қандай әсері болып жатқанын білмеймін. Менде ауру болып отырмын. Куляш апа айтқандай онкологиямен ауыратын адамның бірі менмін.</p>	<p>Ұсыныс, «Қоғамдық тыңдау тасқарыбына қатысы жоқ».</p>
<p>13. Қайреденов Нұрлан Саматұлы (Атырау облысы маслихатының Исатай ауданынан сайланған маслихат депутаты): Құрметті төраға, ұсыныс бар, қоғамның пікірін ескеріп, бүгінгі ұсынылып отырған жобаға, халықтың қолдайтын немесе қолдамайтынын білдіріп дауысқа салуыңызды сұраймын. Содан кейін, онлайн режимде отырған Экология департаментіндегі мамандар, біздің дауысқа салу қорытындымызбен өздерінің бір ауыз пікірін халыққа білдірсе деймін. Содан кейін 2 күннің ішінде заңға сәйкес, хаттама дайындалуы керек. Келген адамдардың барлығының қарсылығын білдірген құжаттарын тіркеп, хаттамаға енгізіп, Экология департаментіне жолдап, ары қарай жергілікті атқарушы билік ретінде Экология департаментінің хаттама негізінде бұл жобаға қандай баға бергендігін білуіміз керек. Ол жерде айтылған «Егер қоғамдық тыңдауда, халықтың пікірі қарсы болатын болса, ол ескеріледі» делінген. Ертең біздің пікірімізді ескермей олар оң нәтиже беретін болса, біздер құқықтық алаңда бұл мәселені ары қарай сүйреуіміз керек. Екіншіден хаттамаға енгізуді сұраймын, Атырау облысы Махамбет ауданы, Таңдай селолық округінің территориясынан аукционға қатты мұнай қалдықтарын сақтау жіне өңдеу бойынша жер телімінің шығуының заңдылығы негізін анықтап беруге облыс прокурорының атына, егов порталы арқылы халықтың атынан ұсыныс беру керек. Жергілікті атқарушы билікке сондай тапсырма берілсе деймін. Мүмкін бұл заңды шығар?! Егер заңсыз біреудің басқа ойын</p>	<p>Ұсыныс-шікір ескерілді.</p>

<p>қолданған болса, заңдылығын сақтамаған болса бізде оны бөлек мәселе етіп қарайық. Осы үш ұсынысты қабылдауды сұраймын.</p>	<p>Мұхтаров Құрманғали (қоғамдық кенестің мүшесі): Ауыл азаматтарының айтқан пікірлеріне өз басым толық қосыламын. Мен Опорный жағының мәселесін 2020 жылдан бері көтеріп келе жатырмын. Себебі өзімде мұнай саласында қызмет атқардым. 1975 жылы біз оқыл жүргенде, трактормен келіп қалдықтарды өртегенін көзімізбен көрдік. Еңбек демалысына шыққан кейін, ЖайықМұнайГаз-дің өзінің шлам өңдеу алаңы бар, қосымша үлкен мешоктар пайда болды, соларды зерттеп мен бірталай мәселе көтердім аудан прокуратурасына, экономика департаментіне, аудандық маслихатқа да. Сол мәселенің қазіргі уақытта негізін таба алмай отырмыз. Жасыратыны жоқ, Қамысқала округінің әкімі Р.Тажиденова ханымға кеше де оған дейінде осы мәселені көтердік. Экология департаменті осыған құлақ түрсе екен. Осыған дейін де облыс әкімінің қабылдауында экологтармен кездесіп осы мәселені айттым. Одан бері Экология департаментінде 3 басшы ауысты. Қайсы басшылардан да біз жауап алған жоқпыз. Аудан прокуратурасына мен аяқтай барып арызды жаздым. Өлі күнге дейін бұл мәселенің шешімі табылмай келе жатыр. Біздің ауыл қалдықты өңдеуші жер емес ғой, бізде елміз, біздің де саясатымыз бар, тірлігіміз бар. Мемлекеттік саясатқа қарсылығымыз жоқ, дегенмен бәрі заң жүзінде болса деймін.</p>	<p>Утегенов Нұрберген Мұратұлы (аудан әкімінің орынбасары, қоғамдық тыңдау төрағасы): Осы жобаны мақұлдау немесе мақұлдамау туралы дауысқа қояйық! <i>(барлығы қарсылық білдіріп, жобаны мақұлдамау туралы қол көтерді)</i> Жақсы, түсінікті. Халықтың бүгінгі бір ауыздан қабылдаған шешіміне көз жеткіздік.</p>	<p>Онлайн қатысушы Хисметуллина Әлия (ауыл тұрғыны): Бұл жобаға қарсымын.</p>	<p>Онлайн қатысушы Хисметуллина Әлия (ауыл тұрғыны): Х.Ерғалиев ауылының тұрғынымын.</p>
<p>Утегенов Нұрберген Мұратұлы (аудан әкімінің орынбасары, қоғамдық тыңдау төрағасы):- Онлайн қатысып отырған әріптестердің пікірін тыңдайық. Бүгінгі тыңдауда күн тәртібіндегі тақырыпты тағы да айтып өтейін, Атырау облысы Махамбет ауданында салынатын мұнай және мұнай қалдықтарын, мұнай шламдарын қайта өңдейтін мұнай-химия кешені» жұмыс жобасын мақұлдау туралы пікірге, шешімге келісетіндер бар ма?</p>	<p>Тыңдауға қатысушылар: Жоқ! Бір ауыздан келіспейміз!</p>	<p>Утегенов Нұрберген Мұратұлы (аудан әкімінің орынбасары, қоғамдық тыңдау төрағасы):- - Қай мекемеден қатысып отырсыз?</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді</p>
<p>Ұсыныс-пікір ескерілді</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді</p>

18.	<p>Қайреденов Нұрлан Саматұлы (Атырау облысы маслихатының Исатай ауданынан сайланған маслихат депутаты): Бір ауыздан қарсылық білдіріп отырмыз.</p>	<p>қоғамдық тыңдау төрағасы): Түсінікті, қабылданды. Хаттаманы енгіземіз.</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді</p>
19.	<p>Қайреденов Нұрлан Саматұлы (Атырау облысы маслихатының Исатай ауданынан сайланған маслихат депутаты): -Біріншіден, технологиялық сипаттарын, оған қандай оборудивание қойылады, қандай қызметтер болады, біз оны көріп отырған жоқпыз. Екіншіден біз оны қойғызуға қарсымыз.</p>		<p>Ұсыныс-пікір ескерілді</p>
20.	<p>Утегенов Нұрберген Мұратұлы (аудан әкімінің орынбасары, қоғамдық тыңдау төрағасы): Экология департаменті қатысып отыр. Жалпы осы бағыттағы сұрақтарды онлайн форматта оқып шықтым. Көпшілігі пікір білдіріп отыр. Басқа ұсыныс, пікір, сұрақ жоқ болса, баршаңызға келіп танысқандарыңызға рақмет!</p>		
